

Табыл Құлыш

Сәйдеме!  
бок









**Табыл Құлияс**

**КӨП СӨЙЛЕМЕ**


**Астана-2016**

**Құлияс Т.**


**Көп сөйлеме. Астана, 2016. – 400 бет.**


Күншіл ауру табады, өсегін өзгеге жабады. Ойсыз ай далада қалады, ақылды әлемді шарлап барады. Өткен ғасыры бар, жаңа ғасыры бар, әр кезеңде қағазға түскен сатиравық этюдтар мен штрихтар түрлі оқиғадан хабар береді. Ақымаққа ажал – таң, өлерін білмейтін есер бар. Жақсының атын әлем біледі, жамандар да жер басып жүреді. Жатбауыр дананы көре алмайды, өзінен өзгеге сене алмайды, ала біледі, бере алмайды. Тұыс туғанын мактайды, дүшпан ішіне кек сақтайды Қалың қөптің көзіне түрткі болған ессіз кейде етектен ала кетеді, кеу-кеулалап езеурейді. Ақылдылардың ісін де, сөз тапқырлық күшін де айтып жеткізе алмайсың. Нағыз айтқыштар ағынан жарылады. Құрметті оқырман, пікір өздерінде?! «Өлесе, өлер табиғат...» повестінің екінші бөлімін оқып пікір алысуға табысталды.

# КӨП СӨЙЛЕМЕ?



Сатириалық, эпюдтар,  
эпиграмма мен памфлеттер





Thoreau

## АЛҒЫ СӨЗ

Бабаларымыз байлыгымнан сүріндірсең де, сөзімнен сүріндірме, деп тілек тілеп өтті. Таңдайы жарылған шешендер де, маңдайы жарылған батырлар да бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ, деп сөз құдіретіне тоқтады. Киелі ойын ұрпағының санасына диқан дәніндегі екті, ананың ақ сүтімен бірге сіңірді. Пенденің өмірге келуі ақиқат, кетуі ақиқат деп түсіндірді де шындықты сөзден іздеуге үйретті. Сөзді ұқпагандар өмірін күйретті. «Басқа пәле – тілден» деп сақтандырды. Шешендер, билер қабагынан мұз төгіліп отырып қарсыласының жүйкесіздігін бір ауыз сөзінен ұстап төте төрелік айта білді. Арындаған жауын да оқтап өткір сөзбен тоқтатты. Ел ішіндегі оспадар, дүлейлер болса түзетемін деп мүйізін, өлтіріпті өзізін, дегенді білсөңіш, деп сатирамен мінеп есін тандырды. Көкіректі қызып өтер аицы сөз ажсалдан кем соқпады. Есердің, көкмұлжысыңың, өсекшінің, көзқаман көре алмаушының көзіне көртопырақ деп, үнін өшіретін де сөз еді. Әйелді көз бұзады, еркекті сөз бұзады, деп тынып отыратыны жақсылыққа бастап жаратындаи еді. Ұлт ұлылығы әлемдік биіктө сөзбен танылды. Сонымен «Көп сөйле ме?» кітабымның бағасын беруді оқырманга қалдырды.

Аз сөйлеп, көп тыңдал, көп білетін оқырманның айызы қанғанына не жетсін!

## БІРІНШІ БЕТ

Астана аспанына кеңістіктен күн шұғыласы көтеріліп келеді. Қымыр автокөлігінің моторын от алдырып өзінің үйреншікті көше тазалау жұмысына кіріспек. Көріп жұр, қаланың шет жағындағы жол ойқы – шойқы, көшелер азып барады. Сол арқасына аяздай батады. Қайтеді, билік үнсіз. Ойында кейбір пенденің көкірегінде тығылып жататын пасықтық, өзімшілдік, жағымпаз, атақ құмарлықтың кесірін түсіну қындығы еді. Онысы жер сатылады деуден шошынуы ма екен. Құйындарып өткендікөрді, талапайдың ортасында жүрді, кеншарды жекешеге талаған басшының көзі ағарып, комагай түрін де біледі. Мәдір басшы ақырында қалаға көшіп келді. Басып алған байлығы құт болмады, үш ұлы иеленген жерлерін жалған құжат жасап бірнеше адамға сатты, бір сөзben айтқанда алаяқ атанып тұрмеден бір – ак шықты. «Баласы сотталған, деп Мәдір жүрттың келемежіне айналды. Айтқыштар зәлімдікті бетіне басып, ацы айтып: «Қазақтың зорлық – зомбылықпен көркейген үйі, карғыстан қүйрейді» дегенін білмейді екенсін, деп толғанды да: « елдегі ауру, сырқау, мүгедек, жалғыз басты карттарды да аямай мал, мұлқін карақышыларыңмен талап едің, халықты қан қақсаттың – ау. Кеншардың жері де, малы да, түгел байлығы менікі деп құжаттандырыдың, үш ұлыңа бөліп бердің. Жан ашуымнен жүрт карғады, карғыс кате кетпеді. Абайдың : «Әддін білмес шіркінді, Құдай әбден карғады» – дегенін дүлейлікпен түсіндің бе? Ақыр аяғында қайғыга баттың, – демеді деймісің. Айтқыштар бетке айтқанда осылай зұлымды тірідей өлтіреді.

– Имансызға жиганы да бұйырмайды ғой,— деді Тымыр автокөліктен қол арбасын түсіріп жатып ақиқаты солай болса да көңіл бөлуге тұрмайтын опасыз тірлікпен күн кешетін адам еместер аз ба?

\* \* \*

– Имансыз дегеннен шығады, қазақ сатирасының білгірі, биік тұлғасы Темірбек Қожекеев қартқан тартқан шағында Ақмолаға келді.

Қасында немересі. Сынап бағанасы 40 – тан түспей тұрған қағаган қантардың аязында Евроазия университетіне жаяулап келе жатады. Кенет немересі атасының көзінен жас парлап кеткенін көріп: «Ата, неге жылайсың? демей ме?»

– Ой, ұлым – ай өмір – жасымның ұлғайған шағында сағынып көрген аязым ғой. Мына аяз нағыз сатириктердің жан – дүниесін тазалап, қаламына қуат беретін құдіретін сезгенде қалай жыламаймын. Бұрынғы облыс басшылары имансыз еken, жас уақытымда шакырганда аязға әбден шынығып өмірімді ұзартатын едім. Оңбағылар аязды менен қызганды ма, өлердей көпсінді ме? Қорықсыздар деп енді күйінгеннен не пайда? Әйтеуір, еркіндіктің арқасында халқым сағынатын арка аязын көріп көз жасым тылар емес, – депті де: « Ұлым, мынадай аяза құзғын құстарды да көрмеген шығарсың...

\* \* \*

Құзғын құстар дегеннен шығады. Ертедегі бір аңызда айтылатын көккүтан ұясын қарғаға бере салыпты. Құзғын құс жылы, жайлай ұядажайғасып, қаннен қаперсіз балапанын өргізіп, тіпті көккүтандарды жатсына қарайды. Сейтіп, екінші жылы көп көккүтан ұшып келіп құзғын құстарды да, ұясын берген көккүтанды да түйте – түйтесін шығарып талқандап тастайды, – деседі. Міне, сатқындық пен құзғындыққа зауал осылай төнеді еken. «Бет алды жанға бой салма, қорлық жуымас сактыққа» – деген Абай сөзі аңызды еске түсіреді. Жұмыр жерде жаугершілікпен байлыққа қырылысып итше таласудан қактығыс, согыстан қай ел жақсылық күтіпті, не түрлі апаттан зұлымдар зардан шегіп құм қауып өліпті. Сонда да жұмыр жерде қанқұйлылықтың беті қайтпес түрі бар. Тірліктің ауанына қарай ойлану аз, аузын арандай ашқан зәлімдер жетерлік.

– Бұлдіргіштер, каскож ойлылардың қай заманда да, қай кезенде де өзіне кінә тағып кателігім – ай деп, тоқтағанын, ақылға келгенін естісем құлағымды қесіп берейін, – деп Тымыр: « Адамзатқа жасалатын қыргын қылымыс түрлерін арғы тектен іздеу керек. Қазакта ешкімге киянат жасама, ата, тегіне, аруаққа тіл тигіз бе, биік болсан бәсек бол, әлсізді басынсан басың кетеді, қарғысқа қалма дейтін өнегесін ағылшын, орыс тіліне ежелден аударып әлем халқына таратқан болса, согыс, қырылыс, қан төгіс, байлық таласы болмас еді. АҚШ басшылығы әлсіз елді

олжалауды көздең Иракты, Ливияны талқандады, жазықсыз халықтың қаны төгілді, не тапты. Әйгі бір бұлдіргіш басшы бүкіл халықтың беделін кетіреді. Абай: « Әз тұтуға, сыйлауға, қалмады жан бір татыр» дегенін ойнаңа нықтап түңілесің, ол елге аяғынды аттап басқың келмей жиркенішпен қарайсың. Әлсіздің зұлымдықтан зар қағуы қандай аянышты.

\* \* \*

— Қым — қуыт тірлікте не кездеспейді, — деп Қымыр: «Халықтың құнкерісіне өсіріп отырған жылқысын ұрлаудың қылмыстық оқиғасы қылан берді. Ертеде бабаларымыз жылқы ұрлаған ұрыны өлім жазасына кескен екен. Шындығын айтсақ бүгіндегі әлемшіл заңымызда әлсіздік көп. Адам қанын жүктеген жауыздықтыақпараттан естіп, көргенде төбе шашың тік тұрады. Ондай қылмыскер жер басып жүргүре тиісті емес, деп ойласаңда, сот үкімі он — он бес жылға сottап түрмеде бағып, күтеді. Бұл қылмыстың беті қайтпайқайталана беруіне соқтыратын келіссіз киянқы тірлік. Халықты ығыр ететін жүгендің токтау таппайды, алған бетінен қайтпайды. Айтқыштар ондай жұқсызды келекелеп: « Түрмеде жанға жайлы өмір, тегін тірлік» деп жүр.

\* \* \*

Айтқыш Кәжек ұлына тіке қарап өкінді де: « Ақымақ басым болашаққа көзім жетпей, кіслігінді жоғалтқан сенің зәлім, суайт боларыңды білсем, сен өмірге келетін күні ананың қойнына жатпас едім. Қатарларымның мазағынан күнде өліп, үтттан жаным шығар болды.

— Ұят қаржы, байлық болмайды, түсінбедім, не өзі, миыма кірмейді, — деп ұлы еміс — еміс жуасып үн қатты да дүңкиіп, дүрдиіп үйден шығып кетті. Көп жасаған карт өзі де ұттысызды аз көрмей ашы күліп еді. Бірде жол сапармен көрші ауылдағыаталасының үйіне келіп еді. Тоқсан жастағы қалжырап жатқан Бәзілге сәлем бермекші болып есігін ашса кемпірі кеудесіне мініп алып жаның қашан шығады, күтүмен шаршадық деп жатыр. Осы оқиға Кәжектің ойна жазушы Қасым Тәүкеновтың. «Қаншық қасқырдың қарының жарғанда арланын жеп қойғанын көріп, жаратылысында қаншық арланынатиіспейтінін

ұмытып арланды жеуі не сүмдық» дегені бар – ды. Міне, әйелдерде де жауыз ой пайда болғаным? – деп түнілді. Естуінше түрмелерде де кісі қанын ішкен әйелдер жүр, акпараттарда іштен шықкан сәбін қоқысқа, далаға тастаған қанішерлерді естисің, теледидардан бетсіздің бейнесін көресің, зәлімдерге қасқыр қаншығының « мінезі» жүкты ма? Жер астынан жік боп шықты ма? Көз алдыңда кісліктен жүрдай бір сүренсіздік қасіреті шошындырады. Кәжек айтарға сөз таптай аңырды. Абай: « ...ұқыттырасың сен недеп, әулекі, арсыз елге енді»... Ел дейміз – ау, жер асты байлығымызың 70 пайызын шет елдік компаниялар басқарып отырса, жерді сату, сатып алу кезінде не күйге түседі. Жерді сатып алған қалталы екінші, үшінші адамға сатса, бітті шаруа, оны қайтарып алуға әлемдік сотта қарамайды. Сондықтан заңдың осал тұстарын қайта қарамаса көп жорғалаған жыланның аяғы көрініп болашақ бұлдырып тартар. Онсызда кейбір шет елдіктер біздің кейіршенеуніктердің, сыйбайлас жемқор екенін, пара алатынын зерттеп жерді түпкілікті иеленіп қалуға араны ашылмай отыр деймісің. Әттен, жапон компаниялары әлемдік ғылымын арқалап келсе, баскалары бұлтақтай алмас еді. Дегенмен жер мәселесінде небір құпиялықты ашып, зерттейтін Ішкі істер министрлігінде тәуелсіз полицейлер сергектікпен тергеп, тексеріп шынайылығын халыққа жарияладап отырмаса дәлдікке көз жетпей алаңдау байқалатын болады.

\* \* \*

Байлық бәсекесі жын боп арбап көбіне кісліктен айырады. Кенес заманында Тазша жол сапарлап жүріп совхоз директорының түстік шайға шақыруымен үйіне келеді. Босағадағы құрқылтайдың ұясындай болмеде отырған басшының ата, анасына сәлем беріп сөзге тартады. Көлемі ат шаптырымдай үйдің босағасында отырғандарың қалай дегенде карт назарын төмен салып: « Ағаштан жасалған дүние, мұлік төрге шығып, қарттары босағада қалған кезең гой, төрден құтылыш, көрге кетер құнді құтіп отырмыз. Осымыз жөн сықылды, – дегенде қудай қосқан зайыбы бір тартар орамалын түзеп: « Бала, бала дегенде мазалымыз, шығып тұр келін деген тажалымыз, бір баланың бабын табар едік, келіннен келіп қалар ажалымыз» деді де: « қарттар отырған жерге немерелер топырлап келеді, есі жоқ балалар әрбір бөлмелердегі

мебелдерді сызды, бұлдіреді, сындырады, соны білетін келін ата, енесін босағага қып шықпай ма?

– Бүгінгілер Абайды оқымайды: Абай айтқан: «Тыңдар едін бір сөзін мыңға балап» – десе сөз түсінетін баяғы тектілерден айырылғасын не шара? Пенде ақылынан алжасқанда ақиқаттытанып білмес, көкіргінде тұрады құлдық елес, шырман алар айдан мінез...игі тілек ұмытылып, ақылға ділгерлік қүшейіп ағаш бастар сайран салар...ұміті кесілген торығушының мұнын кім тыңдар?

\* \* \*

Күн сәулесі Астана көшелерінің тазалығына, әдемі құрылыстарға көлбей түсіп көптің жүргінен шыққан жақсылықты сездіргендей көріп Қымыр толғанды. Онысы бүгінгі бай мен кедейдің арасы алшақтап бара жатқанын есіне алуы ма? Билік орынтағындағы кейбіреулер жоқтықтан торығушыны неге есепке алмайды? Әлсіздер мұнын шакса да тыңдата алмайды. Өркөкіректігін байқатқысы келмей ме? Темір есік, оқ қағар, бұл не, қалың халықтың арасында жүрсе орынтағынан айырылып кала ма? Жоқ, ондай шенеуніктер Құдайға қунәлі болсақта Абайды оқымайды. Абай айтқан: « Мен боламын демендер, аяқты алшаң басқанға, Екі көзің аларып, құр қарайсын аспанға» дегенін ынта салып түсінсен бүттес едін. Абай сөзі қатал салмақталғанын көбірек түсін, ұга біл, көп құрметі сонда келеді.

\* \* \*

Кәжек әдетінше кеңес заманында әрбір адам құніне кем дегенде екі жұз сөз өтірік айтады дегенді естіп еді. Оны көбіне орынтақ иелері коммунизм әне қыр астында тұр, дейтіні сықылды. Рас, жалғандықтың мән – жайына еті үйреніп, түсінген қалың халық онша мән бере коймайтын – ды.

– Бүгін ше? – деді Қымыр.

– Алданудан діңкен әбден құрып, енді тыныш жатайын деп пеш түбіне қылжиганың қандай жақсы. Өйткені, бұрынғыдай туыс, туғаның, көз таныстарыңың жағдайын біліп аузыңды ауыртып шаршамайсың. Артық әнгіме жоқ. Неге десеніз ұрыншак жетерлік. Егер байыптаң біреудің жүзіне қарай қалсан, алайқ па осы, деп сезіктеніп үрейге тұншығасың.

Ал, орынтақтың кейбір иесінің толассыз жаңбырша жауатын уәдесіне алдана – алдана жүргегінді жалған, былшыл сөздері түйнейді. Ар – ұттынан безгеннен қайырым қүте алмайсың. Егер алаяқтардың әлемдік жарысы болса шаптай бәйге алармыз – ау. Тірлікке терен сын қозбен қарасақ адамдардың алданғандары қандай жақсы деген марапатқа ие болсак, шерін тарқап құлар едің – дей бергенде теледидарда Алматы маңынан үй салуга жер алып, кірпіш зауыттарының делдалдарына мыңдап, миллиондап ақшасын қолымен беріп, алданып жер соқкан қырық адамның алаяқты іздел әлеккे түскенін хабарлады. Шынын айтқанда кісі қақын жеу, адалдықтан безу ата, бабаларымыздың үш ұйықтаса да түсіне кірмеген шығар. Бұғінде күніне орынтақ иелерінен, алаяқтардан ондаған, жүздеген адамдар алданатынын акпараттан естіп құле – құле ерініміз жырылуға қалды.

– Тақырга отырғандарды қатты аяисың. Бір аңшы, анықтап алып алдамасаң қақпанға аң да түспейді деген еken. Осыны біреулер алдаудың сөкеттігі жоқ деп түсіне ме?

– Адам дегенниң кіслігі болса керек – ті.

– Капитализм...талау, тонау, баю, куллі қияңқылық ар – ұтты шорт кесіп тастаса қайтесің. Аузың қуйіп қайта – қайта алдана берсең өзіңнің кім екенінді есіңе түсіре алмай ұмытып, алданғаным жаныма жайлай деп, қамқорсығаннан да қашасың, небір сүмпайыны жазбай танып сақтанып, есігінді тарс жауып түрлі әурeden құтылып қаласың, – деді Тымыр қырық жыл ғұмырында сан жетпес алданғаның есіне алғысы келмей рахаттана күліп алды да: «Аңқау, ашық ауыздардың тірлігі белгілі, салдары қын – ды . Қымыр тап басып өкіне білетін Кәжектің жүзіне қарап: Абай айткан: « Алдамаған кім қалды тірі жанды... Алдамыш атанғанның несі пайда, өзі алданып өзгеден соккы жеген»... Демек, алдану әлдекімдердің ойыншығы болғаны – Алданғаның жақсы, кіслігінді нақты танып өзгені алдамауға, – деді Кәжек.

\* \* \*

Торғайдың айтқыш Айасына ағайындастың бір жігіті келіп: « Ага әйелім оңбады, көк долыдан туған нағыз көгіс екен. Таспен де ұрады, баспен де ұрады, аспен де ұрады, жанымды мұрнымның ұшына такан, қаққанда қанымды, соққанда сөлімді шығарды, – депті. Сонда Айса тұнжырап отырып:

– Ей, інім – ай, әкесіз өскен қызы барша әйелдерден өзгеше ереккі ісінен де шошиды. Бетінің жылтырына қарап, бет терісінің қалың қабатындағы мінез, құлқын ақылға салып оқымаған екенсін. Зұлым әйел қандай да еркекті ақылынан алжастырып, төбесінен тұз қайнатып құя алады. Енді ондай дүлейден айырылысам десең партбилетпен хоштасып, түрмеге телміресің. Аталарымыз атың жаман болса сатып құтыласың, қатының жаман болса қайтіп құтыласың, деген сөзі құлағында қалмағасын, өз обалың өзіне. Қашсан қуып табады, үн қатсан тілінді жұлып алады, өлсөң қабірінен суырып алады, жанынды табага салған картоптай қуырып алады.... Ей, үстінен түйе тайрандап жүрсе де қабақ шытпайтын менің әйелімдей әйел жер бетінде жоқ. Міне, әйелдің мінез, құлқын білуге зеректігің болмаса, басқа түгелі әйеліңе де керектігің болмайды. Сол Айса заманындағыдай емес, бүгінде біліспей тұрып, құлісіп келіп шаңырақ көтерген жастардың жылға жетпей опан – топан айырылысусы жетерлік... Масқара – ай... әлем халқынан ұят – ты. Шет елдік жұқсыз насиҳат жұлқылап жатырганда өсек – аяңнан, ала – құла ойлы бөспелерден қашып құтыла алмассын.

\* \* \*

– Дүниені қорық қылмайтын кім бар дейсің? – деді адалдықтың азайып кетуі дүниеконыздықтан көретіндей ниетін білдірген Тымыр. Желкемдегі жалқаулықтың жеті қармағын ағытып жіберіп Тымырға мойынымды бұра қарап:

– Оспанханнан басқа ешкім болмаған шығар, – дедім де: «Олжа көрсе іліп әкететіндерге таңдана койма? Сатира сардары Оспанханға кенес заманында елге барып халықпен кездесуде аудан басшысы «Жигули» автокөлігін сыйлапты. Оны Алматыға райком жүргізушісі айдал әкеледі. Үйінің қасына келгесін Оспанханавтокөліктің төрт донгалалығын теуіп – теуіп жүргізушіге қарап: «Інім, түсініп тұрсың ба, менің жаратқан жарылқаған екі аяғым сау тұрганда, мынадай төрт донгалакпен шікірейіп жүру кешірімсіз күпірлік. Әкел құжаттарынды, өзіне сыйлаганым, заңдастырып беремін. төрт балаңды қыдыртсан мен күнде қуанамын депті.

– Пай, «ұлы адамның ісі де ұлылыққа толы деген» осы – ау. Бүгінде бейтанысқа автокөлігін сыйламак түгелі байлар әлсізгекемекті аузына алмай, ылғида жоқ, крезис деп, аузын құшоппен сүртіп құрынады, – деп

Тымыр өткендердің тіл жетпестей кісілігін түсінбейтіндерден адалдық күттідің өзі соншалық азап екенін осылайшатуйіндеді. Құлық – сұмдықты қол көргендер де сүрінер – ау, о да қызық қулкілі. Біле – білгенге, күнде көріп жүргенгебұдан өзге қосарын да, аларын да болмас..

\* \* \*

Қарақан бас талайды көрсе де тойым жоқ екенін білмеппін – ау. Ал, әлемде баяғы Оспанхан заманындағы емес, жана ғасыр басталғалы түбінде неге соғарын кім білсін, құйын көбейе бастады. Аталарымыз құйын қақса кімнің аузы, мұрыны қисаймайды, деуші еді. Бүгінгі табиғат құйынының мәні көп, қадау – қадау әп – әдемі үйлер, су жана автокөліктер құйын ішінде ұшып, өзім таппаганымды тауып құйын ішінде рахаттанғанда жағың қарысқыр бір айтқыш: «Жылың құйын болсын, лаңкестен алатын сыйың болсын, табиғатты талқандайтын ұйым болсын, кіжініскендердің жағы қарысып тиым болсын!» – деп қарғайды. Онсызда жер бетінде астан – кестендік аздай ұсқынсыздың сөзі жаман. Көздінің отын сөндіретін, тілдінің тілін кесетін құпия қасиетіммен әлгінің аузына көшелерде ашылып, әр жерде шашылып жататын шойын қақпақты коя салдым. Сонымен құлақ, мұрын орнында тұрғанда табиғат қаруын іске қосып жіберіп, талай байлыкты қолтықтап, құйынның қуатымен құтты жерімнен, өлі төсегімнен атып тұрып, сәнді үйге жайғасып құйын ішінде зулап ұштым да кеттім.

– Алжыған сорлы жер басып жүруден шаршадын ба? – деп әйелім үйреншікті қансорғыштық зіркілімен үшінші қабаттағы бөлмелерді теңсeltіp жаты.

– Аузыңа шойын қақпақ...Ақылыңа тойып болғасын, құйын ішіндегі өзім сыйылды ақыл, есі жер бетіне сыймай басқа әлемді ансайтындармен сойлесуім рахат, басқаның керегі не? – деп едім. Шаптықканы сонша езінің дауысынан өзі шошып тұратын әйелім:

– Міне, қызық ақылыңа келмей, дәуренің өткесін құйын ішінде құлдырайтыныңды білсем сүйген жарым деп бала туып бейнеттенбес едім – ау. Алжыған неме асқа да тоймаушы едің, құйын ішінде аштан өлесің, суды көп ішсем миым он пайыз артық жұмыс жасайды деуші едің, шөлден қатасың, кескен теректей бір шұңқырда құлап жатасын. – деп өрт сөндіретін машинаның аныратқан дыбысындаид миңдың нейрондарын жаратындаид әйелімнің үнін естігендеге жердегі түгелі Ай

әлеміндегі адамдар шошып: «Жерде еркектерді корғау ұмытылды, долы әйелдер ерлерінің миына бомба қойғалы қашан. Ертеде: « Қытайдың тәтті сөзі мен асыл жібегіне қызығып түркі халқы жойылып біттің.. деп көне түрік данасы Тонықек бір жарым мың жыл бұрын айтқан сөзі. аумай, төкпей келіп дүние, байлыққа құнықкан әйелдер әуейіленіп қыздарын қытай жігітіне де беріп жатыр. Оныңыз еркектің айбарын құртып, әбден қажытқандықтың қырсығы. Қаншама, еркектің жұлын, жүйкесі титыктап істен шықкан. Айуанаттарды қорғайтын қофам бар, корғаусыз қалған еркектер, байыған сайын долданатын әйелдердің қиямет азабын тартып, жаны қөзіне көрінуде. Тағыда қайталап айтам жерде ерек корғаусыз қалды, әйелді қорғайтын зандары жетеді және мықты. Соған сүйеніп елірген әйелдер ерінің миына түрлі жарылыш қойып құртып жатыр. Ажалынан бұрын өлген еркектердің жағдайын айнытпай айтып бере аламын. Құдайдың құтты күні ұрыс, керістен қажыған ерлері жаны күйгесін арак ішіп ләйліп жүр

— Кенет сүйегін құйын ішінде шашылып қалғыр, ућ, құтылдым ба, есаланнан?— деп әйелімнің талағы балық торсылдағында тарс етіп еді.

— Жарқынным, бір кездегі жарық жұлдызым – ау, миымдағы өзің қойған жарылғыш жарылмай түрғанда құйын ішінде бапты тірлік еткенімді қылмысқа жори алмайсың. Жүріс, тұрысынан мыңсан мін тауып ызага булығып шаптығушы едін, енді құтылдың. Біліп қой, бітті шаруа, аузыңды шойын қақпақпен жап. Айқай сүрекінді бөлменің төрт қабыргасын ұрғылап бажылдағаныңды енді алты қырдың астынан ассам да ести алмаспын. Өйткені, күн сайын ашы сөзбен миымды шаққасын, миымдағы біраз нейрондар істен шығып, тізбелері үзілген деседі. Жә, құйын ішінде де түрлі қылмыстан құр алақан емес екен. Менің балаларыма ақша төлемей әйелден қашқан қылмысым чепука. Құйынмен зулап кетіп бара жатып біреулер қылмысты біліп жасайды, екіншілері байлық теңізін кешіп жүріп, ерігіп кетсе құліп жасайды, мен сықылды әйел зәбіріне жаны қуйіп жасайды. Арам сөзден аузын жаппайтын, ерек басымдағы кемшілікті есептеп шығып, шашының әр талынан көп, сан жетпейді деп тоқтайтын әйелім: « Шайға қанбауши едің, құйын ішінде анқан кеүіп, кан қысымын миыңды талқандап теуіп тастағай! — деп жүргегімді жарып кетердей дауылдан жатты. Сонымен тұрмыстағы ұрыс, керістен қалжырап, басымдағы төгіліп қалған мыңдаған нейрондарым құйын ішінде әп сәтте қалыпқа келіп, көзім проектордай жаркырап, басқа бір әлемнің есігін ашқандай болдым.

Тағыда Ай әлемінен: «Жердегі отбасылық жанжалдан көз ашпаған, ері коргаусызың қалған үйдің ұлы да, қызы да тұрмыс құра алмай. жана үйленгендердің айырылысы әлемдік есеп бойынша алға шыгатын түрі бар, деп жатыр. Мейлі гой. Ешкім мазамды алмасыншы. Әлгі өз үйімде қараң қалған дүние, қылт еткенде әйел – ажал аңдып тұргандай үрейді ұмытып, құйқа тамырым жас кезімше қалыпты кимылдан. қадімгі 25 жастағыдай ажарланып, әлгі алтын сарайдай үйден тек қана күміс құлқіні естігенде қуанганнын жүргегім жарылып кете жаздады. Бір кезде жібекше есілген әйел үні: « Біздің әлемде еркектерді корғап, мандайына шаң тигізбейміз, ұлт есімі еркектен гой! – дегенине сенерімді, сенбесімді білмедім. Сөйтіп таңырқап тұрганымды байқаған әлгі әйел: « Жер бетінде әйелдердің нәзік сезімі жоғалып, сен тұр, мен атайын деп дөрекілігін дүлейлетіп, жан дүниенде ойрандал, тырп етсек езуінді тіліп, тұрмеге қаматып тастанайын дейтін әйелдерде ландау бар. Мұндай жексүрін болар ма? Оныңыз шайтаны семіргендіктен, шет елше еліргендіктен. Бет бейнесі де, сұрқы да өрттен шыққандай бұзылған. Осы кезде бір айтқыштың: «Заман ақырында әйел би болады, ері құл болады. сиыр пұл болады, депті. Расында әйел өзі билеп, өзі қожасып қарнына біткен адам жаңын да қырдырып тастанады. Сол жан жарық дүниені көрсетпедін деп о дүниеде шашынан сүйреп тамұх отына лактырарын түсінбей-қанішер болса да есінен жаңылған немелер қақаңдан жүр. Міне, айтқыштың айтқаны аумай, төкпей келген жок па? Кеңес үкіметінің саяси құйын дауылында жүргегімді тілгілеген тыртық бар, өмірім сара жол емес, бақыт дегенді асқа тойынып, бүтін кім кио деген адам зұлымдықтың қандай түріне де пісіп калады. Адамын жоғалтқан әйелдер қара жамылып жылап жатты. Нағыз омір ерін жоқтауда еken деуші едім. Бұғіндегі құйын ішінде құрғак сөзді әйелден күтпейсің, табиғатында әйел еркектерден үш есе көп сөйлейді. ұғымы бөлек, көп сөйлеген сайын ақылы азая береді. әйелдің шапын ұзын ақылы қысқа дегені содан қалған. Кейбір әйел адалмын дейді. адалдықта жөл сөз көп, магна жок, көбіне айтыла салынады. Адалдық баяғы қара жамылып ерін жоқтаған заманмен бірге келмеске кеткен. Құйын ішінде масыққан біреу әйелім көзіме шөп салды, ұтттан безген, сезімі сөнген деп зарлап барады. Көрген күнім қараң, қыз күнінде бәрі жақсы, жаман әйел қайдан шыкты...мәжнүн...жын соккан. Төзім бітті. өмірімнің ақыры құйын...

Апыр – ай, жердегі әйелдердің түрлі қылмыс жасап жан ұясын ойрандаپ осынша бұзылуын Ай әлемінің әйелі жазған хаттай өкіп, зерттеп біліп алған. Мен болсам сорлы адаммын, маған тіпті обал жок, зұлымдықты көрген сайын ширай берген екенмін... Неткен шарболат күш... Тірліктің қасіретті шеңберін кім айналмаган, кім тірлігін талақ етіп кетпеген дейсін..Әлем құйыны сен келдің, кеттің бәрібір, түк сезбегендей адыра қалпынан аунымайды...

\* \* \*

Артық деген айтқыш ағамыз сөзге де, көзге де онша сене бермейді. Қуле тыңдайды да коя салады. Адалдығы мен алғырлығынан не пайда әйелінің міnezі шайпау, балаларымның әкесі едің деп бір жылы сөз естімеген шығар. Соны ел айтқыштары бетіне басса: « Әйелдің жылы сөзіне семіріп қайтем, жылы құшагы жетпеген бе? Қысқасы ұл керек пе, ұл тауып берсе, қыз керек пе, қыз тауып берсе, келісті тірлік сол емес пе? Жаман қатын – жан жұты, туғыш әйел – ел құты, демей ме? Сын – мін тақпай бар ынтастымен бала таба беретін әйелге шайпау мінзе жарасады. Оған қайсын бар таласатын? – деуші еді.

\* \* \*

Расында көріпкелдігі бар айтқыштар жөнімен таласып, ақыры ақылға тоқтайды. Құнқіл сөздің де, беталды айтқан әңгіменің де нұктесін қояды. Ку тірлікте асып, асып құлау бар. тасынғанды төгетін бір Алладан сынау бар. Байда күлкі. әлсізде жылау бар. Қай заманда да үстемшіл билікті құштейтін тобыр маңында жамандыққа итермелеуіш әккі қулар бар. Тірі жанға тиіспейтін, пендешің амандығын жүз пайыз сақтайтын саясат қай дәуірде де болмаған. Ақиқат жолы залымдар түрғанда тарыла береді, жүліктік қағына береді. Сұм – сұрқия аяғын андан басып, өтірік күлкісі судай тасып, билік маңында дүниені шайқап, борышын адап атқарушыдай көрініп, билікті жағын жаппай мақтап, түптен келгенде бірін – біріне айдан салудан тынбайды. Өйткені, зұлымдар жас кезінен басбұзар сойқан, білім алып жарытпаған, ұрыншақ, өтірікші, қызғаншак болып өседі. Әлем осындағы билік маңындағы сатқын зәлімдерден зардап шегіп келеді. Бұл адамзат қасіреті емей, немене? Бұғінде әлемді жауап алған балаларға арналған бандиттік мультфильмдерді көріп

өсken үрпактың қауіп, қатері қалыңдай түспек пе деп, шошисын.. Ақылды, адамдықты таптап өтетін қаскөй ойлы жуан жұдырықтар билік маңына қайтсе де орналасса ондыра қоймас. Ә, бәлем, деп кіжініп аяғын мысықша басып сыйаяқ қу келе жатыр, сақ бол?!

## КӨП СӨЙЛЕ МЕ?

Маган ак халатты дәрігер бірден жекеменшік қандай дергін бар? – деп түйеден түскендей қойып қалды.

– Қолыма қалам алып ак қағазды шимайламасам, тыныш ұйықтатпайтын ауруым бар.

– Жұлын, жүйкеге құш салмайсыз ба?

– Горбачев заманында көп сөйлейтін мылжындарды тыңдай – тыңдай екі құлағыма құлық толып бітеліп қалып еді. Соны тазартайын десем басым қышып сорлап қалатыным бар. Енді бар гой жұмыр жерге қарап отырсаң сақалдысы бар, сақалсызы бар, қалтасы қалыңласа. көкбеттеніп қару сатып алатын дерпті көріп шошимын кейде. Сосын жағым қарасып сөйлей алмай өтірікшілерді іздеймін. Күні кеше гана Есіл өзені бойында балыққа қармак салып отырған сойдақ тісті айткыш: «Нанасың ба, нанбайсың ба, пілдей шортанды қармакпен ұстап карынын жарсам оқтұмсық атылып шықты. Куанғаннан Тазша қайдасың мына оқтұмсыққа мініп Шолпан жұлдызына қонаққа барып қайталық деп едім адамдықтан қаларлық жиында отырғанын айтты. Тыңдал қорің қалай, қалай қигаштар екен. Айттым гой, Тазша бір жиынға тап болып билік иесінің көзінетүскісі келмей үйелмендей адамның тасасында біраз бұғып отырды. Желөкпелердің шалыс басатын сөзін ұғып отырды. Жұрт депутат таңдай алмай басы қатып бірінен соң бірі жарыс сөзге шығып, ентігіп есі кетіп араша дуылдастып, қол соғып шуылдаусуны еді. Депутаттықтан үміткер екеуі залдағыларға мөлшерлі азық толы сөмкелерін таратқан. Өздерінше мінсіз жасалған кол қайры, оны дұрыс түсініп бағалайды деп ұғынулы. Құлаған үкіметтің саясатынан шығынулы. Мінбеге көтерілген бадырақ көз, шакша басындағы «сежик» етіп қидырған шашын бір сипап: « Бәрінді де міндетті түрде жарылқан капитализмнің ак майын ауыздарына ақтарамын. Баспаңа таппаганға баспаңа боламын. Тұп – тұзу көшө боламын, асхана таппағанға асхана боламын, түйіні шиеленген киындықты шеше аламын, қысқасы мал

керек пе, мал боламын, жан керек пе, жан боламын, ауылыңа сән керек пе, сән боламын, әуелетіп шырқайтын ән керек пе, ән боламын, құстай ұшып жүріп бәрін тындырамын деп судыратып жатыр. Өздеріннен басқа кімім бар, бәріңе іші – бауырым елжірейді. Қаңырап қалған көшелерді гүлдендеремін. Ертегінійласам тұн атасына көз ілмеймін деп адам сияқты желпінді. Өзімен бәсекелесті де кінәлап, асыра сілтейді, кулық – сұмдығы жараспайды, халыққа қараспайды, кішірейгісі келмейді, өркөкірек, ағайын арасын ашы етуге шебер, жарға соғар түрі бар, әлпетінен байқамайсын ба? деп қалды. – Жүгендіз, ессіз алаяқты құртасың ба? – деді залдан біреу. – Міндетті тұрде, қогамда алаяқта, кара аяқта, басқа да қылмыс түрін жойып, әрбір зәлімніңсонына бір күзетші қойып, шет елдік тіміскініңсүк көзін ойып тастаймыз. Қалай ойласаңыздар да өзім депутат болсам азып, тозған ауылдың атағын асырып, жұртты таңғалдырып бірден гүлдентіп жіберемін, елде жоқ–жітік болмайды, жоғарыдағылар ойымды жұз пайыз қолдайды. – дегенде тағы біреу залдан күркілдеп жөтеліп алды да:

– Біз өтірікшіге қыран – топан құлетін едік, ісің кілең шындық болса, атак құмарлыққа шаттанып құле алмай қаламыз ба? – деп қорқамын.

– Менен басқа біреу ауызба – ауыз сандырақтап жатса ақақаулап қүлесіндер ғой, – дегенде қол көтеріп сөз алған Тазша депутаттыққа үміткердің ойын түсініп, жалғаншы анадан қайта туғандай сайрайтынын ұғып: «Егер қалын көптің қолдауымен мен депутат болсам, ауылдағы барлық адамға, жүдей бастаған жұртқа торғай терісінен тон тіктіріп, бит терісінен көйлек кигізіп, онды, солды шашылып, аяққа басылып жатқан құрылыштың шикізатынан алтын сарай салдыраш едім. Суға жарымаганның шөлін қандыраш едім, көгілдір отынды да ас бөлмесіне жандыраш едім. Мына аузы женил көп сөйлейтіндер жұрттың жағдайын деп таппайды, әлдекім атанип орынтаққа отырғанша өтірікті өрістетіп тоқтамастан каксайды. Діңкелеткен рынокта еңсесі түскен әлсіздің қолын жылы суға маламын деп неге айтпайды. Ей, бірақ бүрге мініп бүлкілдеп жүрген мені кім қуаттайтын. Көз алдарында шет елдін су жыландаш жүйткіп жүрген автокөлігін мінген, сөмке – сөмке азық таратқанды қолдай кетерсіндер. Бұ, жұрт түсіне бермес кекесінге, бұл өмірде не үшін әлектеніп жүргенінде білмейтін жетесізге басым айналады, – деп Тазша айтарын айттып қас қаққанша көвшілік ортасынан гайып болды. Әйтпесе, қалталылар оны тегіннен – тегін жібермес еді. Көзі едірейіп тісін қайрап әңгіленіп тұрған оқ қағарды да

байқаган – ды... Бұлардың құзғындық қымылы талайдың түбіне жетуден тайсалмайтын өтірікшілдігінен безді... Бірен – саран болса да қауіпті деп сезді де Абайдың айтқанын ойна оралтты: « Сөзіннің басы ыржан, соны қылжақ, жүгенсіз журе бермек сенің ырзаң...»

\* \* \*

– Экем өлді... әлгінде ғана тірі жүргіріп жүрген сыйылды еді. – Жүргірені дұрыс болмаган екен, өкпесі өшкенше жүгіре берсе ажал мазақтайты. АҚШ –тын Аляскадағы магниттік каруының әрекеті дауыл тудырып, жұлын, жүйкесі әлсіреп, қан қысымы жогары пендені бірден о дүниеге аттандыра салатын ажалы емес шығар. Оның үстінен әлемде күн сайын 40 миллионнан астам адам жүкпалы індегі тасымалдан жүреді деседі, ол өз алдына радиацияның желмен құйындарып дененде жан – жаққа жұлқылайтыны және бар. АҚШ пен Ресейде қару сыйнаудың бақталасына айналды. Катрина дауылы дейсің бе, Рита дауылы дейсің бе, Жапониядағы теңіз дауылы дейсің бе, жұмыр жердің табигатын талқандайтын карулар баршылық. Ауа арқылы түрлі дерг көкірекке құйылып қонады, содан миы сұйылып тынады. Радиацияның мән – жайын, одан қалды шіркеймен де, дедек қағып жүрген аң құспен бе, әйтеуір. жұға кететін дерпті менен артық ешкім білмейді. Есінде болсын, табигаттың қалтарыс – бұлтарысын тез аңғарғаның зор маңызын айтқанда екен марқұм қасарысып құлағына да ілмеді. Тындаламаганға тың ажал жетсе не шара, енді өлік жөнелтудіңсыр – жырына тоқтал, болған іске болаттан да бекем бол, қамыга берме? Делдалдық жараспайды, өлік жөнелтудің сөзі көп. Алдыменәкен марқұм о дүниеге жылқы мініп кетсін. Садакасына жылқы сой. Азасына келгендерді тыңқытып бір тойындыр. Менің сырласым еді. алдымен маган сөз бер. Жыны – жиналыста егіліп бір сөйлейін. Экен кейде ұрсуши еді, көп сөйлейсін. мылжың боп кетесің деп. Құніне мың сөйлегенді жын сөйлетеді, ішегіңді түйілдіріп өлтіреді деп қорқытатын еді. Енді маган кім ұрсады деп жылағым келеді. Айтпақшы өлер алдында өзі әрнемені дүркін – дүркін айтып кияли адамша сөйлей бермеген шығар, жағы бірден қарысын қалған жоқ па? – Жұмған аузын тіпті де ашпады. Дыбыссыз акырын көзін жыптылыштаты.–Караңғы көрге кіргенше аузы жұмұлы кеткені дұрыс, ашық болса дүние, мұліккө аңғары ашылып, тойымсыздығын о дүниеде де білдіреді. Көзін жаптыңдар ма, топыракқа тоймай

қалып жүрмесін. Моланың жері де сатулы, қымбатқа түсіп жүрмесін. Шең басын сындырмайтындар жер сатып қолын жылы суға малып дыраусырап отырған кезең ғой. Қайырсыз тірлікке діңкесі құрып көп кіжінуші еді, сол өкінішін байқаган ажал қыр соңынан қалмай, ақыры шынан құлатса, алып ұрса не шара. Тіріні тірі деп дұрыс бағалай алмайтынымыз – ай, шіркін. Енді әкенің қадірін бір Алла білмесе, тірілер діттеп түсіне қоймас. Қөп сейлемей, дөп сөйлейтіндерді осылай қара жер жұта береді. Өзіңе бекем бол, жақсы көретіндердің бәрі жақсы бола бермейді, жақсы Аллаға да керек дегенді ұқ... Әкенің аруағы қарандап біразға дейін жаңыңда жүрер, ол елестен қорық па, туған әкен ғой. Қарттар үйіне тапсырған жоқсын аздап бетінен алғаның ештеңе емес өзіңің балаларың оны байқап қалмаса, жаман әдетті қайталып жүрмесе болды тағы. О дүниеде бірінші саяул әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін актадың ба, дейтін көрінеді. Бұл қағида ежелден ұлтымызға белгілі ғой. Сосын да экесіне, анасына жайлы еді, перзенттік борышына дақ түсірмеді. Әттең, жұлдызы жанбай, берекесіз тірлікке өкпелі еді... Сіркесі су көтермей едірепенде кейде шытыр ететін – ді. Жә, иманды болсын... дерміз. Марқұм ешкімнің көзіне түспей, қанқу сөзді тындармай, бұғып тірлік еткеніне бұйырганы ажал әкенін сеземін. Абайдан толғап тынғанда: « Қайғың – қыс, жүзің жаз, боламын көрсем мәз, деуші еді. О да кіслік міндетімізді сезгені тағы... Қымыр айтатын – ды: «Болат сынса сынар, бірақ майыспас, деп Ажалға қабыргамыз қайысқан,

Қайғыны қөп болып көтеріп, Жұбату дастарханын жайысқан...

\* \* \*

Менің ойыма оралып, өткендеңі бір жазған оқиға көз алдыма елестеп жазбаны оқи бастадым. Ол былай басталып еді. Ақыл емес, тілім қышығаны. Жұрттың мезі болғанын бетіне айтқым келеді. Тындараса... Бәрімізге мәлім әлемдік деңгейдегі занымыз болғасын қылмыс түрі азайды деп жақ жаптай айтып жатамыз. Жоқ сықылды ешбір қатамыз, бірақ баланы кейбір ана неге сатады. Қасқыр да бөлтірігін қоргайды. Ендеше қасқырдан да қатығез ана қайдан шықты, жердің жарығынан, не басқа әлемнен келген дей алмайсыз. Өзіміздей ата, ананың қызы сәбиін сатып жүр. Күнәға белшеден батып жүр. Албастыны құдай қос колдап атып жүр. Әредікте бір кездесетін зұлым әйелді ақылды аналар: « Етегіне қолы жетпесін»» деп қарғауышы еді, онысы қатақал деуі.